

Қазақстан республикасының білім және ғылым министрлігінің Семей қаласы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті


СӨЖ

Тақырыбы: Көпқоректі зиянкестер.

Орындаған: Нұртазин. О.Қ

Тобы: АГ-801

Тексерген: Каламов. Б

- 
- I. Кіріспе
 - II. Негізгі бөлім.
 - III. Бұзаубастар
 - IV. Шекшектер
 - V. Шілделіктер
 - VI. Пайдаланған әдебиеттер.

□ **Зиянкестер**— адам мен жануарлар организмінде әр түрлі ауру қоздырғышын таратып, өсімдіктерді зақымдайтын жәндіктер мен жануарлар тобы. Зиянкестер адамға, малға, орман және ауыл шаруашылықтарына үлкен зиян келтіреді. Адам мен жануарлар зиянкестеріне, негізінен, паразиттер, түрлі жәндіктер (улы жыландар, улы өрмекшілер, қансорғыш жәндіктер, т.б.) жатады. Ауыл шаруашылығы зиянкестері — егістік пен табиғи өсімдіктерді зақымдап, түрлі аурулар таратады. Бұларға негізінен кемірушілер, бауыраяқты ұлулар, жұмыр құрттар (нематодтар), т.б. жатады. Мысалы, **қырыққабатты** — қырыққабат ақ көбелегі мен қырыққабат қара күйесі, **асқабақты** — ұсақ шыбындар, **қызылшаны** — қызылша бүргесі, **баялды (баклажан)** мен картопты — колорадо қоңызы зақымдайды.

Астық дақылдарының зиянкестері астық өнімдерін күзде тасығанда және қыста сақтау кезінде зақымдайды. Бұларға өрмекшітәрізділер (мысалы, астық кенесі, т.б.), қоңыздар (мысалы, астық қоңызы, астық тескіші, астық сүлікшесі, бізтұмсық қоңыздар, т.б.), көбелектер (мысалы, астық сұр көбелегі, дән қоңыр көбелегі, т.б.), құстар (мыс., көгершін, үй торғайы, т.б.) жатады. Кенелер, қоңыздар, көбелектер – арпа, бидай, сұлы, күріш, жүгері, т.б. дақылдардың жапырағын, сабағын зақымдап, дернәсілдері өсімдіктің дәнімен қоректенеді. Бұдан астық дақылдарының өнімі кемиді. Бал арасының Зиянкестері аралар мен олардың тіршілік өнімдерімен қоректенеді.



Клоп черепашка

Бұзаубастар. Жердің астында тіршілік етеді. Орта жастағы дернәсілдері және ересек жәндіктері жердің астында 1м дейінгі тереңдікте тіршілік етеді. өмір сүру циклі 1 жылдан көп уақытқа созылады. Мамырдың аяғында – маусым айында ұрғашылары 10-20 см тереңдікте, арнаулы ұяларға 150-300 данадан жұмыртқа салады. Бұзаубастар алдыңғы аяқтарының көмегімен топырақтың үстіңгі қабатында жолдар салады, 50-ден аса өсімдіктің тамырын, сабақтарының жер асты бөлігін, өскіндерін және тұқымдарын жеп зиян келтіреді. Олар ылғалды, суармалы жерлерді, негізінен көкөніс алқаптарын мекендейді. Жылы жайларда темекінің, көкөністердің және т. б. өсімдіктердің көшеттеріне өте көп зиян тигізеді. Көп тараған түрлері – кәдімгі (*Gryllotalpa*) және бір тікенекті (*Gryllotalpa unispina* Sauss.) бұзаубастар.



Шекшектер. Құрғақшылық жылдары сандары өте көп болғанда егінге, көкөніс дақылдарына, майлық дақылдарға және жеміс ағаштарына зиян келтіреді. Антеналары денелерінен ұзын үлкен жәндіктер. Жылына бір рет ұрпақ береді. Топырақта, өсімдіктерде және олардың ұлпаларында жұмыртқалары қыстайды. Шілделіктер. Орташа және үлкен, жалрақ денелі жәндіктер. Түнде тіршілік етеді. Топырақ түйірлерінің астында, жарықтарда нимфалар (ақырғы жастағы дернәсілдер) қыстайды. Ылғалды, суармалы жерлерде көкөністердің, майлық дақылдардың, дәнді дақылдардың, бүлдіргеннің жапырақтары мен сабақтарының төменгі бөліктерін жейді. Күресу шаралары. Ерте күзде сүдігер жырту және отамалы өсімдіктердің қатар аралықтарын өңдеу арқылы бұзаубастардың, шекшектердің және шілделіктердің көбейуіне жол бермеуге болады. Көкөніс өсірушілер бұзаубастармен күресу үшін арнаулы жырашықтарды пайдаланады.





Шілделік (қара шегіртке)
тұқымдасы — Cryllidae
Денесі аздап жалпиған және
қанаттары құрсақ үстіне
жайыла орналасқан ірі
денелі немесе орташа келген
насиком. Барлық
аяқтарының табаны 3
бунақтан тұрады.
Ұрғашының жұмыртқа
салғыш қынабы найза
тәрізді ұзын болады.

Шілделіктер ересек насиком немесе личинка фазасында қыстайды. Көбінесе жердің үстінгі бетін, кейде ағашбұталарды да мекендейді.



□ Пайдаланған әдебиеттер:

1. “Энтомология” – Ә. Т. Тілменбаев, Г. Ә. Жармұхамедова. Алматы 1994 жыл.
2. <https://multiurok.ru/files/d-ndi-dak-yldard-yn-ziiankiestieri-mien-aurulary.html>
3. <http://yandex.kz/clck/jsredir?bu=mauy2y&from=yandex.kz%3Bsearch%2F%3Bweb%3B%3B&text>